



IPO және SPO: қор нарығын ынталандыру

Қор жүзеге асыратын қоржындық компаниялардың IPO мен SPO-лары Ұлттық қорды толықтыруға, Қор активтерінің нарықтық құнын құруға, меншікті және борышқорлық капитал нарықтарына қолжетімділікті кеңейтуге, олардың қызметіне қойылатын талаптардың артуына және басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға байланысты компаниялардың операциялық тиімділігін арттыруға себептеседі.

Бұл да отандық бағалы қағаздар нарығын дамытуға, ел халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыруға болысады. Қор компанияларының IPO мен SPO-ларын өткізу азаматтардың инвестициялауға қатысуына белсендіреді және қор нарығында бөлшек сауда инвесторларының санын арттырады. Халықтың табысты компанияларға инвестиция салу арқылы еліміздің экономикалық дамуына қатысуға және жеке әл-ауқатын арттыруға қосымша мүмкіндіктері пайда болады.

Біздің бағалы қағаздарды орналастыруымыз азаматтардың инвестицияға деген үлкен қызығушылығын тудырды. 2023 жылдың аяғына қарай қор нарығында Қор Тобының 6 компаниясының акциялары саудаланған («KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Кселл» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ), ал олардың акциялары 167 мыңнан астам бөлшек сауда инвесторларына тиесілі.

Инвесторлардың күтулері және мәмілелердің өздерін өткізу аясында отандық депозитарлық жүйелердегі брокерлік шоттардың саны едәуір өсті. Орталық депозитарий мен АХҚО депозитарийі жүйелеріндегі шоттардың жиынтық саны 2021 жылдың басынан бері шамамен 236 мыңнан 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,9 миллион шотқа дейін өсті.

2023 жылы «KEGOC» АҚ SPO-сы өткізілді, оның аясында 22,6 млрд теңгеден астам қаражаттың тартылуына қол жеткізіп, бөлшек сауда инвесторларының үлесі 2%-дан 5,6%-ға дейін өсті. SPO нәтижесінде алынған қаражат «KEGOC» АҚ-тың Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының желілерін нығайту жөніндегі ірі инвестициялық жобасын жүзеге асыруға жұмсалды.

Қор нарығында акциялары саудаланған

6

Қор Тобының компаниялары

Қор компанияларының нарықтық капиталдандыруы

31,64

млрд АҚШ доллары

Қор нарығына кірген сәттен бастап Қор компанияларының нарықтық капиталдандыруының айтарлықтай өсуі байқалды, ол қазірдің өзінде 31,64 млрд АҚШ долларына жетіп, 85%-ға өсті.

Біз ірі компанияларды қор нарығына шығару бойынша жұмысты жалғастыратын боламыз. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың IPO-ларын өткізу жоспарлануда. Бұл компаниялардың IPO-ларының табыстылығы үшін олардың тарифтерін залалсыз деңгейге жеткізіп, тиімділігін қамтамасыз ету қажет.